«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Оралбек Алмастың «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады. 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары мен ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы халық ақындарының шығармашылығын, ақындық дәстүр сабақтастығын және текстологиялық мәселелерді зерделеуге елеулі үлес қосады. Диссертацияда Жетісу өңірінің көрнекті халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы алғаш рет кешенді түрде қарастырылып, оның шығармашылығы, ақындық ортасы, жанрлық және көркемдік ерекшеліктері жүйеленген. Зерттеуде Ә. Сариев шығармашылығы Жетісу ақындық мектебі дәстүрі аясында қарастырылып, Сүйінбай мен Жамбылдан жалғасқан ақындық өнердің, халықтық дүниетаным мен әлеуметтік-азаматтық сарындардың ақын туындыларындағы көрінісі айқындалған. Диссертацияның маңызды нәтижелерінің бірі – ақын шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқаларын салыстыру арқылы мәтіндік айырмашылықтар мен варианттық ерекшеліктердің

			анықталуы. Бұл Ә. Сариев мұрасын ғылыми тұрғыдан жүйелеуге және болашақта академиялық талаптарға сай жариялауға негіз болады. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеті тарихын, Жетісу ақындық мектебін, халық ақындарының шығармашылығы мен текстологиялық мәселелерді зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтырады. Жалпы алғанда, жұмыстың ғылыми маңыздылығы Әбдіғали Сариев мұрасын танытумен қатар, халық поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы мен қолжазба мәтіндердің ерекшеліктерін кешенді түрде қарастыруымен айқындалады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеуде академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Жалпы зерттеу мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұл диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді: 1. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттану ғылымында халық ақындарының шығармашылық мұрасын, ақындық орта мен дәстүр сабақтастығын жаңа ғылыми тұрғыдан зерделеу – қазіргі әдебиеттанудағы маңызды бағыттардың бірі. 2. Әбдіғали Сариев шығармашылығының Жетісу ақындық мектебі дәстүрімен сабақтастығы, Сүйінбай мен Жамбылдан жалғасқан ақындық өнердің ерекшеліктері, сондай-ақ ақынның жанрлық және

			көркемдік жүйесі диссертацияда кешенді түрде қарастырылған. 3. Ғылыми жаңалығы – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын алғаш рет кешенді зерттеп, оның шығармаларының жанрлық, көркемдік және текстологиялық ерекшеліктерін жүйелеу, қолжазба және жарияланған нұсқалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтар мен вариантарды анықтау. Осы арқылы ақын мұрасын ғылыми айналымға енгізу, Жетісу ақындық мектебінің дәстүр сабақтастығын нақтылау және ұлттық әдебиет тарихындағы орнын айқындаудың жаңа мүмкіндіктері ұсынылады. Осылайша, диссертацияның өзектілігі қазақ әдебиеті тарихын, халық поэзиясын және текстология ғылымын дамытуға қосқан үлесімен дәлелденеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің мазмұны қазақ әдебиетіндегі көрнекті халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын, ақындық ортасын, шығармашылық ерекшеліктерін және қолжазба негізіндегі текстологиялық мәселелерін кешенді қарастыру арқылы жүзеге асқан. Зерттеудегі ақын шығармашылығының Жетісу ақындық мектебі дәстүрімен сабақтастығын, Сүйінбай мен Жамбыл дәстүрінің жалғастығын және шығармаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін жүйелі саралау оның әдеби мұрасының ұлттық әдебиет тарихындағы орнын теориялық тұрғыда айқындауға мүмкіндік беріп, мазмұн мен тақырыптың өзара логикалық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының үш тарауы да диссертация мазмұнына сай құрылған және Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы, шығармашылығы, ақындық

			ортасы мен текстологиясын жан-жақты айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің басты мақсаты – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын жан-жақты зерделеу, шығармаларының жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін айқындау, ақындық ортасы мен Жетісу ақындық мектебі дәстүріндегі орнын анықтау, сондай-ақ қолжазба және жарияланған нұсқалары негізінде шығармаларының текстологиялық сипатын саралау. Аталған мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: Әбдіғали Сариев шығармашылығына қатысты зерттеулерді жүйелеу; ақын мұрасының тақырыптық және жанрлық құрылымын анықтау; шығармаларының көркемдік-бейнелілік ерекшеліктерін саралау; Ә. Сариевтің айтыскерлік шеберлігін, дәстүр сабақтастығын және Жетісу ақындық мектебімен байланысын ғылыми тұрғыда пайымдау; ақын шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқаларын салыстырып, мәтіндік айырмашылықтары мен варианттарын анықтау; шығармаларындағы ұлттық дүниетаным, тарихи жад және әлеуметтік-азаматтық мәселелердің көрінісін айқындау. Жұмысты орындау барысында диссертант көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындаған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбекте көрсетілген бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Ғылыми жүйе сақталған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, нақты мысалдармен бекітіледі, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен сыни тұрғыдан салыстырып бағаланған. Бұған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдау анық көрінеді. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертант Оралбек Алмастың диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен негізгі тұжырымдар толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы, шығармашылық жолы, ақындық ортасы, Жетісу ақындық мектебінің дәстүрімен байланысы және шығармаларының қолжазба нұсқалары сараланып, олардың ғылыми-теориялық және текстологиялық тұрғыда анықталуы жүйелі түрде талданған. Нәтижесінде Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы тұңғыш рет диссертациялық деңгейде ақынның шығармашылық ортасы мен дәстүр сабақтастығы негізінде кешенді түрде сараланған. Ізденуші Ә. Оралбек ақын шығармаларының қолжазба нұсқаларын салыстыра отырып, мәтіндік ерекшеліктерін, нұсқалық айырмашылықтарын және қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда жүйелі түрде талдаған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа ғылыми тұжырымдармен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындыларының іргелі жаңашылдығы – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасының тұңғыш рет шығармашылық, тарихи-әдеби және текстологиялық бағыттар бірлігінде кешенді қарастырылуымен айқындалады. Зерттеу нәтижесінде ақынның
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			шығармашылық қалыптасу жолы, ақындық ортасы, Жетісу ақындық мектебінің дәстүрімен сабақтастығы және Сүйінбай мен Жамбыл шығармашылық ортасының ықпалы ғылыми тұрғыда жүйеленіп, оның қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны нақты айқындалды. Жұмыстың маңызды ерекшелігі – ақын шығармаларының қолжазба нұсқаларын салыстыра қарастырып, олардың мәтіндік ерекшеліктерін, нұсқалық айырмашылықтарын және қалыптасу, таралу тарихын текстологиялық тұрғыдан саралауында. Атап айтқанда, әдеби-тарихи, салыстырмалы-мәтінтанымдық және текстологиялық зерттеу әдістері сабақтастыра қолданылып, ақын мұрасын қолжазба деректері негізінде ғылыми айналымға енгізуге басымдық берілген. Бұл өз кезегінде Әбдіғали Сариев шығармашылығын Жетісу ақындық дәстүрінің тарихи-әдеби дамуымен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеуде ақынның бұрын ғылыми тұрғыда жүйелі қарастырылмаған қолжазба мұрасы негізге алынып, мәтін нұсқаларының арақатынасы, авторлық мәтінді анықтау мәселелері және шығармалардың әдеби үдерістегі орны алғаш рет арнайы зерттеу нысанына алынған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу – Әбдіғали Сариевтің шығармашылық мұрасын, ақындық ортасын және қолжазба мәтіндерінің текстологиялық табиғатын біртұтас жүйеде қарастырған іргелі ғылыми еңбек ретінде бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деуге болады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған диссертациядағы теориялық еңбектермен қатар, талдаулар үлгі болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең**	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында Зерттеу қортындылары аясында 6 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Атап айтқанда, бақылау, анықтау, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-текстологиялық, тарихи-текстологиялық сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу нысанына тән арнайы талдау тәсілдері де қамтылған. Аталған әдістемелік ұстанымдар зерттеудің ғылыми жаңалығын ашуға және жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, ауқымды теориялық материалдармен дәлелденген. Диссертант ұсынған теориялық қағидалар мен ұсыныстар нақты деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүйелі түрде негізделген. Сонымен қатар, автордың өзіндік пайымдаулары нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, ғылыми талаптарға сай жан-жақты талданған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиеттану, қазіргі фольклортану, әлемдік әдебиеттану жайын сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант зерттеу жұмысы барысында Қазақстан, Ресей Федерациясының және шетелдік ғылыми орталықтары мен кітапхана қорларындағы материалдарды тиімді пайдалана білген. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 117 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеуде қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда әдебиеттану салаларындағы зерттеулер қатарын толықтыра алады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Бұл еңбекті ЖОО ұйымдарында әдебиет теориясы, қазақ прозасы сынды арнайы курстар, факультативтер, семинарларда қолдануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысы теориялық әрі практикалық материал
		1) ия;	

		2) жоқ.	ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен, жұмыстың мазмұндық нақтылығын одан әрі арттыру мақсатында төмендегі ескертпені назарға алу орынды деп санаймын. Диссертант Әбдіғали Сариевтің шығармашылығын, ақындық ортасын және қолжазба мұрасын талдау барысында кешенді зерттеу жүргізген. Соған қарамастан ақын шығармаларының қазіргі қазақ әдеби үдерісіндегі сабақтастығы мен дәстүр жалғастығына, сондай-ақ ақын мұрасының кейінгі ақындар шығармашылығына ықпал ету ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып өтсе, оның қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен шығармашылық тұлғасы айқынырақ көрінер еді. Бұл ескерту диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына, мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді. Тек мазмұнды толықтыру, ғылыми пайымдауды нақтылау және жекелеген тұстарды кеңейту тұрғысындағы жеңіл түзетулерді көздейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 6 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1, Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Оралбек Алмастың** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған **«Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:
1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Оралбек Алмастың «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
PhD, қауымд. проф. м.а.,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

А.Ә. Найманбаев

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ